



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

2017 ж. 21 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер – Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жердің қадірін сезіну мен осы ұлттың өткен тарихын құрметтеу, оны жетік білу мәселесі көтерілді. «Тұлғасыз – тарих тұл» деп дана бабаларымыз айтқандай, әрбір елдің мақтанышына айналған жұлдызды перзенттері болады. Халық мұндай перзенттерін ұлт қайраткері деп бағалап, құрметтейді.

Осы орайда, біз кешегі өткен ХХ ғасырдың басында қазақ елінің дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосқан, қазақтың алғашқы конституциялық жобасының авторы (4 бөлім, 28 баптан тұратын «Қазақ Елінің Уставы», 13 маусым, 1911 жыл, Санкт-Петербург) үлкен оқымысты Барлыбек Сырттанұлының есімін атауымыз абзал. Ол – ақтық демі таусылғанша еліне, жеріне адал қызмет еткен перзент. Заманында жыр алыбы Жамбыл бабамыз «Сырттан батырға» деп өлең арнап, бала Барлыбектің даңқын көпке жайып, оған бата берген болатын. Сонымен қатар, Барлыбектей қайраткердің қазақ халқына істеген орасан зор қызметін Әлихан Бөкейхан, Бақытжан Қаратайұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы сынды замандастары да жоғары бағалаған еді.

Тәуелсіздік алғаннан бері оның қайраткерлік, тұлғалық қасиеті, қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы Салық Зиманов, Сәкен Өзбекұлы, Кеңес Нүрпейісұлы, Мәмбет Қойгелді, Нұрлан Дулатбеков сынды академиктер мен Шолпан Тлепина, Оразкүл Мұхатова сынды профессорлардың зерттеулеріне арқау болды. Ал, Тәңірберген Қалилаханов, Жекен Қалиұлы, Өтепберген Ақыпбекұлы, Шәкен Күмісбайұлы, Жемісбек Толымбеков сынды бірқатар ақын-жазушылар да Барлыбектей тарихи тұлға жайында арнайы еңбектер жазды.

Бірақ, бүгіндері Барлыбектей тұлғаның насихаты аз, жарнамасы кемшін болып тұр. Биыл оның туғанына 150 жыл болып отыр.

Қазақстан халқының рухани жаңғыруы үшін өткенді білмек парыз, құрметтеу – өнеге емес пе! **Барлыбек Сырттанұлының** ғылыми-шығармашылық ғұмырнамасын, әдеби мұрасы мен ұлт қызметі жөніндегі өнегелі істері және қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметіне жаңа сипатта баға беру, республика көлемінде ұлт қайраткерінің есімін ұлықтап, рухына құрмет көрсету. Осыны жастар мен жасөспірімдерге насихаттап, оларды ұлттық намыс арқылы тәрбиелеуге зор үлес қосатын қосымшаға сәйкес шараларды өткізу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз.

Қосымша: 4 парақ.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

М. Бопазов

Е. Бектұрғанов

Н. Дулатбеков

Б. Мамраев

С. Үмбетов

Б. Смағұл

*Орынд.: Ербол Қоспанов
Тел.: 74-62-78*

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың алғашқы конституциялық жобасының авторы Барлыбек Сырттанұлының 150 жылдық мерейтойына арналған іс- шаралардың жоспары

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне:

1. Б. Сырттанұлының өмір жолына, қызметіне, әдеби-ғылыми мұрасына қатысты әр жылдары әр түрлі авторлардың тарапынан жазылған зерттеу еңбектерін мен мақалаларын, естеліктерін және т.б. жинастырып, өз алдына жеке жинақ ретінде баспадан шығару (*жинақ қазіргі уақытта теріліп, беттеліп баспаға дайын тұр*).

2. Б. Сырттанұлының ғұмырнамасы, жеке отбасылық өмірі, ата-тегі және ғылыми-шығармашылық, қоғамдық-саяси, ағартушылық-педагогтық қызметін жеке-жеке талдап, заманауи тұрғыдан жаңа көзқараспен баға беруге бағытталған арнайы ғылыми «Барлыбек Сырттанов» атты тұлғалық энциклопедия жазып, баспадан шығару.

3. Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының «Конституция» залында және Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында «Алаш қозғалысы және Б. Сырттанұлының қоғамдық-саяси қызметі» деген тақырыпта дөңгелек үстел және көрме ұйымдастыру (*бұл жиынға Алматы қаласында тұратын тұлғаның ұрпақтары және белгілі алаштанушы-ғалымдар, заңгерлер және Д.Қонаев атындағы Заң университетінің, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің заң факультетінің студенттерінің қатысуымен өтуі тиіс*).

4. Барлыбек Сырттанұлының өмір жолы мен қызметі жөнінде арнайы театрландырылған қойылым кою (*Б.Римова атындағы Алматы облыстық драма театрына жүктелсе*).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне:

1. Алаштанушы жас ғалым Елдос Тоқтарбайдың Алаш қайраткері Б. Сырттанұлына арналған «Барлыбек Сырттанұлының ғылыми-шығармашылық ғұмырнамасы» (*мұрағаттық құжаттар негізінде*) атты ғылыми монографиялық еңбегін баспадан шығару.

2. Барлыбектанушы, заң ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Сәкен Өзбекұлының «Барлыбек Сыртанов» (Алматы, "Жеті Жарғы" баспасы, 1996 жыл) атты аз ғана таралыммен шыққан кітабын қайтадан басып шығару (*жинақты құрастырып, баспаға дайындаған ғалымның зайыбы Қ.Айтмағамбетова*).

3. Б.Сырттанұлының ғылыми-шығармашылығына арналған «Барлыбектану» атты арнайы оқу курсы колледж және жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) оқу бағдарламасына енгізу.

4. Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетінен Барлыбек Сырттанов атындағы оқу-әдістемелік кабинет (орталық) ашу (яғни, бұл орталықта Қазақстан мен Ресей мемлекеттер арасындағы дипломатиялық достықтың 25 жылдығына орай ашылса және ол орталыққа Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, еліміздегі танымал ғалымдардың, шығыстанушылардың еңбектері қойылса, сол университетте оқитын студенттер үшін пайдалы болар еді).

5. «Б. Сырттанұлы: Алаш мұраты және Тәуелсіздік тағылымы» тақырыбындағы конференция және дөңгелек үстелдер Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-нің, Қарағанды қаласындағы Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің базасында ұйымдастыру.

6. «Б.Сырттанұлы және Алаш қозғалысы» тақырыптағы екі жылда бір рет тұрақты түрде ұйымдастырылатын ғылыми конференцияны өткізетін ЖОО анықтап, белгілеу.

7. Еліміздегі ЖОО-ның оқу үлгерімі жоғары студенттеріне «Б.Сырттанұлы» атындағы стипендия тағайындау.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне:

1. Алғашқы қазақ конституциясының жобасын жасаған Б. Сырттановтың құрметіне Алматы қаласындағы Тәуелсіздік алаңы жанынан ескерткіш тақта (стела) орнату.

2. Тарихи атаулы күндердің күнтізбесі қатарына Б. Сырттанұлы жазған Конституциялық еңбектің жазылған күнін енгізу (13 маусым, 1911 жыл, Санкт-Петербург).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне:

1. Б.Сырттанұлының ғұмыр жолына қатысты тарихи деректер мен естеліктерді және әдеби-ғылыми мұраларын республикалық бұқаралық ақпарат құралдары, телеканалдар арқылы көпшілік қауымға насихаттау. (қайраткер Б. Сырттанұлы туралы осы күнге дейін бірде-бір телехабар немесе деректі фильм түсірілмегендіктен, осы кемшіліктің орнын толтыруымыз тиіс).

2. Бүгінгі күнге дейін Алаш тарихына қатысты ашылмаған көп құпия деректер және мәліметтер зерттеусіз қалғаны бәрімізге мәлім. Осы орайда, «Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлы жолымен...» деп аталатын халықаралық ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырып, тұлғаның өміріне қатысты жаңаша деректерді жинастырса, барлыбектану саласының, сондай-ақ Отан тарихының дамуына қосылған зор үлес болар еді.

Экспедиция өзінің бағытын тұлғаның туған жері – Алматы облысының Қапал-Арасан өңірінен бастауы тиіс:

1) Қарашоқы жайлауы. Жергілікті халықтың айтуынша, бұл жерде «Сырттан сайы», «Сырттан бұлағы» деген жерлер бар.

Осы маңда Барлыбектің ата-бабасы жерленген қорым бар. Ақсу аймағындағы Қарағаш, Ақсу, Қайнар, Сүттіген ауылдары, Б. Сырттанұлының ғұмырының соңғы кезеңі өткен.

Осы экспедиция аясында Қапал, Талдықорған мұрағаттарындағы құжаттармен танысу және елді мекендердегі көнекөз қариялармен, өлкетанушылармен сұхбаттасу.

2) Алматы қаласы. Барлыбек пен оның ағасы Тұрлыбек оқыған Верный ер балалар гимназиясы (*ғимарат – бүгінгі Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қаржы және экономика факультеті*). Жалпы Алматы қаласында Барлыбек гимназияда оқыды, кейін осы қалада орналасқан генерал-губернатордың кеңсесінде қызметте болған. Сондықтан осы қаладағы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы, Ұлттық кітапханасы, ҰҚК мұрағаты, Президентінің мұрағаты, Орталық музейі, Алматы қаласының тарихы музейі сияқты нысандардың қорымен танысып, Б. Сырттанұлына қатысты тарихи деректерді жинастырып, көпшілікке насихаттау.

Қазақ жастарын қараңғылықтан шығарып, білімге баулу орыс империясының отарлық саясатынан құтылудың басты факторы деп таныған Барлыбек Сырттанов бір топ қазақ жастарын Верный қаласының ерлер гимназиясына оқуға қабылдатты. Атап айтсақ, Қазақ еліне талмай еңбек еткен Мұхамеджан Тынышбаев, Садық Аманжолов, Ораз Жандосов, Базарбай Мәмбетов, Нүсіпбек Жақыпбаев, Қанай Боранбаев, Жұбаныш Бәрібаев, Ысқақ Дүйсенбаев сияқты азаматтар осы гимназияны бітіріп, кейіннен өздерінің халқы үшін қызмет етіп, көбі ірі қоғам қайраткерлеріне айналды. Ғылыми экспедициялық топ мүшелері осы тұлғалар жайында да деректер жинауы керек.

3) Санкт-Петербург қаласы. Барлыбек Сырттанұлы оқыған Санкт-Петербург мемлекеттік университеті және қаладағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана, Ленинград облыстық мемлекеттік тарихи мұражайының қорларымен танысып, Алаш заманына, Б. Сырттанұлына, қазақ тарихына қатысты тарихи деректерді жинастыру.

4) Ташкент қаласы. Б. Сырттанұлының қызмет атқарған жері. Бұл қаланың Орталық мұрағатында Б.Сырттанұлына қатысты тарихи деректер бар. Экспедиция мүшелері Ташкент қаласында оқыған, қызмет еткен Алаш зиялылары жайында мәліметтер жинап, ізденіс жұмысын жүргізу.

Экспедиция соңынан экспедиция мүшелері бірігіп, ізденіс жұмысы нәтижесі бойынша арнайы жинақ және деректі фильм, телехабар шығару. Министрлік аталған танымдық іс-шараларды жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастырса.

Астана және Алматы қалаларының, Алматы облысының әкімшіліктеріне:

1. Астана, Алматы қалаларының бір көшесіне алғашқы қазақ зиялыларының бірі, реформатор, демократ Барлыбек Сырттановтың есімін беру.

2. Алматы облысы: Талдықорған қаласының Б. Сырттанұлы мен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан № 25 мектепке Б. Сырттанұлының есімін беріп, мектептің алдына қайраткердің ескерткішін орнату.

3. Талғардағы политехникалық колледжіне немесе Талдықорған қаласындағы Заң колледжіне қайраткер Барлыбек Сырттановтың есімін беру.